

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

МЕН БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРЫМЫЗДЫ ВАКЦИНА САЛДЫРУҒА ШАҚЫРАМЫН. БҰЛ ӨЗИҢІЗДІ, АТА-АНАЛАРЫҢЫЗ БЕН ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗДЫ ҚОРҒАУ ҮШІН ҚАЖЕТ. ӘРІ-БЕРІДЕН СОҢ, БҰЛ – БІЗДІҢ АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗЫМЫЗ.



№38  
(4162)  
Сенбі  
3 сәуір  
2021 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

А Қ Ш А М Ы

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ  
ЖЫЛ

30

30 ЖЫЛДЫҢ  
СЫНДАРЛЫ СӘТТЕРІ

5-БЕТ | ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ



АЛЫСТАН АЙТА  
АЛМАЙСЫҢ АҚИҚАТТЫ...

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



КҮШ АТАСЫНА ЛАЙЫҚТЫ  
ҚҰРМЕТ ЖАСАЛДЫ МА?

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



«ASTANA  
AQSHAMY»

ГАЗЕТИНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

САНСӨЙЛЕМ

БИЫЛҒЫ ҚАҢТАР-  
АҚПАН АЙЛАРЫНДА  
ЕЛОРДАДА

419,4

МЫҢ ШАРШЫ МЕТР  
ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНДЫ



## КҮРДЕЛІ КЕЗЕНДЕ ШҰҒЫЛ ӘРЕКЕТ КЕРЕК

Еліміздегі эпидемиологиялық ахуал қайта ушыға бастады. Индет тағы өршіп, жұқпаның мутацияланған жаңа штамдары таралуда. Кейбір азаматтардың салғырттығы мен немқұрайдылығы салдарынан өткен тәулікте елімізде COVID-19 жұқтырғандар саны 2077-ге жетті. Күрделі жағдайға алаңдаушылық білдірген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев барлық азаматтарды екпе салдыруға шақырып, үндеу жолдады.

### ӨТІНІШТЕРДІ ОНЛАЙН ҚАБЫЛДАЙДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 2021 жылдың II тоқсанына атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алу үшін өтініштерді онлайн қабылдау басталды.

Қауіпті инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында құжаттар электронды үкімет порталы арқылы онлайн түрде қабылданады. Өтініш беруші азамат құжаттарды egov.kz электронды үкімет порталы арқылы онлайн түрде тапсырады. Осы мақсатта Жұмыспен қамту орталығының мамандары Алматы, Сарыарқа, Есіл, Байқоңыр аудандары бойынша Zoom плат-


формасында құжаттарды тапсыру барысын түсіндіріп, видеонұсқаулық ұсынып отыр. Құжаттарды қабылдау 1-30 сәуір аралығында жүргізіледі. Қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласы бойынша 3700-ден аса отбасыға АӘК тағайындалды.

АӘК – табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70 пайызынан төмен әрбір отбасы мүшесіне тоқсан сайын тағайындалатын ақшалай төлем.



### РАМАЗАН АЙЫ 13 СӘУІРДЕ БАСТАЛАДЫ

Елордада бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының төрағалық етуімен ҚМДБ-ның кеңейтілген жиынында Рамазан айына қатысты нақты шешімдер шығарылды. Биыл Рамазан айы 13 сәуірде басталып, 12 мамырда аяқталады. Рамазан айы 30 күн болады. 13 мамыр – Ораза айт күні. 8 мамырдан 9 мамырға қараған түн – Қадір түні. Биыл пітір мөлшері 420 теңге болып белгіленді.



### АЛТЫ ӨҢІР – «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТА»

Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан аймақтарындағы эпидемиологиялық жағдайды бағалаудың соңғы матрицасын жариялады.

«Қызыл аймақта»: Нұр-Сұлтан мен Алматы қалалары және Атырау, Ақтөбе, Алматы, Батыс Қазақстан облыстары.

«Сары аймақта»: Шымкент қаласы және Ақмола мен Қарағанды облыстары.

ЕЛОРДАДА ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕР ЖЕКСЕНБІ, 4 СӘУІР КҮНІ ЖҮРМЕЙДІ

ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ € EUR/KZT 501.15 \$ USD/KZT 426.91 ₪ RUB/KZT 5.62 ¥ CNY/KZT 64.94

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМГЕ» – ЖАСЫЛ ДӘЛІЗ

Қала әкімі Алтай Көлгінов өткен жылдың күзінде «103» көлік құралдарын интеллектуалды көлік жүйесіне толыққанды біріктіруді қамтамасыз ету мәселесін тапсырған болатын. Осы ретте елордада «103» жедел жәрдем автокөліктеріне арнап «жасыл бағдаршам» қанатқақты жобасы сәтті енгізілді.



Бұл технология бағдаршамды қызылдан жасылға ауыстыру арқылы реанимобильдерге «жасыл дәліз» ұсынады. Қазіргі уақытта жабдықтар реанимациялық бригадалары бар бірқатар жедел медициналық көмек машиналарына орнатылды.

Жедел жәрдемге арналған бұл технология пилот ретінде «City Transportation Systems» компаниясымен бірлесіп денсаулық сақтау саласын цифрландыру аясында 2018 жылы енгізілген. Технология ЖМК автомобильдеріне орнатылған ақпараттық жүйелер мен арнайы

жабдықтарды интеграциялау арқылы жүргізушілер қажет болған жағдайда бағдаршам сигналдарын қызылдан жасылға ауыстыра алатындығымен ерекше.

«Аталған технологияны енгізу бригаданың науқасқа жету уақытын айтарлықтай қысқартады. Осылайша жедел медициналық көмекті уақытылы және сапалы көрсету бойынша көрсеткіштер жақсарды. Әрі қарай қала әкімдігі мен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы санитарлық автокөліктердің бәрін осы технологиямен жабдықтауды жалғастырады» делінген басқарма хабарламасында.

«Жасыл бағдаршам» жедел жәрдем көлігін сүйемелдеудің жағымды жақтарын көрсетті. Атап айтқанда, жүру уақыты орта есеппен 30 пайызға қысқарды.

Осыған дейін госпитальға жету уақыты 14 минутты ала, бұл технологияның көмегімен жедел жәрдем көлігі жедел жерге, сондай-ақ 11 километр немесе одан да ұзақ жолға 10 минутқа жетер-жетпес уақытта жетеді.

«Шақыруға асығып бара жатқанда немесе пациентті ауруханаға мүмкіндігінше жедел жеткізу кезінде бұл технология – біз үшін таптырмайтын көмек. Себебі біз үшін әр минут қымбат. Бұл, әсіресе, кешкі кептеліс уақытында маңызды рөл атқарады» дейді ЖММК реанимобиль жүргізушісі Асхат Ақтаев.

## ТӨБЕДЕН ТҮСКЕН МҰЗДАН САҚТАН!

Нұр-Сұлтан қаласының Төтенше жағдайлар департаменті көктемгі қауіпсіздік шараларына жауапты тұлғаларға, тұрғын үй кешендері мен әкімшілік ғимараттардың өкілдеріне шатыр үстін қар мен мұздан тазалауға шақырды.

«Құрметті тұрғын үй кешендеріне (ТК) және әкімшілік ғимараттарға (бизнес-орталықтар, СОО) қызмет көрсететін компаниялардың өкілдері, сондай-ақ жеке тұрғын үйлердің иелері! Ауа райының күрт өзгеруіне және қардың еруіне байланысты аумақта, учаскеде су тасқынына қарсы уақытылы іс-шаралар өткізулеріңізді сұраймыз.

Тұрғын үй кешендері мен әкімшілік ғимараттардың өкілдеріне кіреберістің шатырлары мен шатыр үстін қар мен сүңгі мұздан тазалауды, сондай-ақ үй маңындағы және іргелес аумақтағы жаяу жүргіншілер мен тротуар жолдарды тазарту керектігін ескертеміз» деп хабарлады Нұр-Сұлтан қаласының Төтенше жағдайлар департаменті.

Төбеден құлаған мұздан келетін қауіптен сақтану үшін бірқатар кеңестерге құлақ түрген абзал:

- Ғимараттардың қабырғаларына мүмкіндігінше жақындамаңыз.
- Шатырдағы сүңгі мұзды көрсеңіз, басқа жаққа қарай өтіңіз (үйді немесе ғимаратты басқарушыға ескертіңіз).
- Сүңгі мұз түсіп тұрған балконның астында тұрмаңыз.
- Қауіпті қарниздердің астымен жүрмеңіз.
- Көшеде құлаққаппен жүрмеңіз, өйткені шатырдан құлаған қардың дыбысын ести алмайсыз.
- Егер жоғары жақтан шу естисеңіз, жүрісіңізді тездетіңіз.
- Қардың еріп түсуі мүмкін электр беру



желілерінен және басқа да объектілерден алыс жүріңіз.

- Шатырдан салбырап тұрған электр сымның қардан үзілгенін байқасаңыз, оны ешқандай жағдайда ұстамай, қауіпсіз жерге барыңыз.
- Автомобиліңізді шатырларында сүңгі мұз немесе қар тұрып қалған ғимараттарға жақын қоймаңыз.

– Ойынға әуестеніп, айналасына ешқандай назар аударма алмайтын ойын кезінде балаларды қараусыз тастамаңыз.

Қазгидрометтің хабарлауынша, сәуір айының алғашқы онкүндігінде астанада ауа температурасының -12 С-тан +8 С-қа дейін жылуы, температураның біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Жауын-шашын, дымқыл қар, туман мен найзағай орнауы да мүмкін.

## НӨСЕР СУЫНАН ҚОРҒАЙДЫ

«Сапалы жол» жобасы аясында Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті Алматы ауданы әкімдігінің жауапты мамандары және қоғам өкілдерімен бірлесіп, «Кирпичный» шағын ауданындағы нөсер кәріздерінің жағдайына мониторинг жүргізді.



Мониторинг барысында еріген судың болуына және асфальтбетон жабынының бұзылуына байланысты жол жабынының сапасына әсер ететін тазарту құрылыстарын күтіп ұстау бойынша мердігерлік ұйымдардың сапасыз жұмыс істеу фактісі анықталды.

«Кирпичный» шағын ауданы аумағындағы тазарту құрылыстары қала балансына берілмегенін атап өту қажет. Жүргізілген жұмыс қорытындысында Алматы ауданы әкімінің аппаратына анықталған бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдау және мердігерлік ұйымдардың қызметіне бақылауды күшейту ұсынылды.

Сондай-ақ «Астана – адалдық алаңы» жобасының менеджерлерімен жол жабынының ақауларын анықтау мақсатында қала көшелерін аралау жүзеге асырылды, соның шеңберінде жол қозғалысының қауіпсіздігіне әсер ететін жолдардың проблемалық учаскелері тіркелді. Бұл бағыттағы жұмыс әлі де жалғасады.

### БРЮССЕЛЬ

Бельгия астанасы Брюссельде британдық суретші Бэнксидің көрмесі ашылды. Онда ел назарына шебердің 17 туындысы қойылды. Іс-шараны ұйымдастырушылар індеттен музейлер мен галереялар жабық болғанына қарамастан, көрмені 6 мыңға жуық адам көреді деп болжап отыр. Жалпы британдық суретшінің картиналары саяси және әлеуметтік астары барымен танымал. Сонымен бірге шебердің өз өмірін құпияда ұстауы оның шығармашылығына деген қызығушылықты күшейтеді.



### ТБИЛИСИ

Тбилиси орталығындағы тұрғын ауданды лай көшкіні басып қалуы мүмкін. Өйткені қала орталығындағы тау етегінде соңғы жылдары жүргізілген құрылыс жұмыстары оның жарылуына әкелген. Білік Германиядан мамандарды арнайы шақыртып, бірлескен зерттеу барысында таудағы жарықтың мөлшері мен жылжу бағытын анықтады. Сызаттар күн сайын үлкейіп келеді. Сондықтан маңындағы тұрғын үйлерді лай көшкіні басып кетуі мүмкін. Ал елде лай көшкіндерді бақылайтын құрал-жабдық жоқ екен. Қазір жарықтың ұзындығы – 200, ал тереңдігі 18 метрге жетті.

## ЭЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Міне, көктем де келді, енді қала тұрғындары бос уақытын тиімді өткізетін жаңа көпшілік орындар мен саябақтар саны көбейе ме?

Алтай КӨЛГІНОВ, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі:

– Биыл аумақтарды абаттандырып, қала тұрғындары мен қонақтары уақытын тиімді өткізетін жаңа көпшілік орындар құру жұмыстарын жалғастырамыз. Мысалы, қала саябақтарын жасыл артерияға айналдыруды жоспарлап отырмыз: велосипед пен жаяу жүргіншілер жолдары жасалады. Тұрғындар жаздың шуақты мезгілдерін ерекше жақсы көреді. Оқушылар сарайының жанында тағы бір скейт-саябақ ашылады. Президенттік саябақта тақтай төселген жағалау жоспарлап отырмыз. Кездесу кезінде спорт

федерацияларының басшылары саябақтарда спортшылар мен басқа да спортпен шұғылданатын адамдар киім ауыстырып, спорт жабдықтары мен заттарын сақтай алатын орын-жайлардың болмауы мәселесін көтеріп еді. Сондықтан Триатлон паркте спорт павильонын ашамыз. Онда киім ауыстыратын бөлмелер, жаттықтырушылар мектебі орналасады. Бұл жобаны қаланың басқа саябақтарына кеңейтетін боламыз. Саябақтарды мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүдделерін ескере отырып дамытамыз.

## АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Медет МҰХТАРҰЛЫ, елорда тұрғыны:

– Биыл көлік салығының төлеу мерзімі сәуірге дейін шегерілді, енді оның мөлшерін қай жылдың айлық көрсеткішімен төлейміз? Соны түсінбей жүрмін.

Бұл сауалға Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтқан Мемлекеттік кірістер комитетінің өндірістік емес төлемдерді, жеке тұлғаларды әкімшілендіру және арнайы салық режимі департаментінің директоры Азамат Садықовтың жауабын ұсынамыз:

– Көлік салығын есептеу кезінде салық есептелген салық кезеңіне, яғни 2020 жылғы 1 қаңтарға қолданылатын АЕК қолданылады. Атап айтқанда, біз 2020 жылға көлік салығын есептедік, ол кезде АЕК 1 қаңтарға 2651 теңгені құраған болатын.



## АСТАНА АУДАНЫ

Байқоңыр ауданы әкімдігі аулаларға абаттандыру жұмыстарын жүргізуге байланысты заңсыз орнатылған гараждарды алып тастау қажеттігін ескертеді.



«Байқоңыр ауданы әкімдігінің аппараты гараждардың меншік иелерін оларды алып тастауды сұрайды. Себебі гараждар мемлекеттік меншік құқығын бұза отырып орнатылған. Олай болмаған жағдайда, ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің заңнамасына сәйкес әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Шығару мерзімі – 2021 жылдың 15 сәуіріне дейін» деп көрсетеді аудандық әкімдіктің баспасөз қызметі.

Қазіргі таңда аудан аумағындағы 16 аулада 193 гараж бар. Осы аулалардың төртеуіне биыл абаттандыру жұмыстарын жүргізу жоспарланған. Бүгінге дейін 24 гараж алынып тасталған.



# 1998

karkynkktem@gmail.com

Көктем ҚАРҚЫН

Тәуелсіздігімізге жетінші жылдың жетістігі де жас мемлекет үшін ауыз толтырып айтарлықтай болатын. Ел іргесі бүтінделді, халықаралық қатынасымыз дамып, шет мемлекеттермен байланыс күшейді. Экономикалық серпіліске жан бітіп, рухани жаңғыруға да жол ашылды. 1998 жыл «Халық тұтастығы мен ұлттық тарих жылы» деп жарияланды. Ұлттық тарихқа қатысты ізденістер өріс алып, археологиялық, археографиялық, этнологиялық экспедициялар ұйымдастырылып, ғылым академиясының сессиясы, көптеген ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді. Халықтың тарихи санасын тереңдетуге, жаңаша қалыптастыруға жағдайлар жасалып, мәдени ізденістерге кең жол ашылды. Бұл жыл тарихта ел астанасының Алматыдан Арқаға көшуімен есте қалды.



## БАС ҚАЛА – АСТАНА

6 мамырда Ақмола қаласының жұртшылығының тілегі ескеріліп, ҚР Үкіметі жанындағы ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде Ақмола атауын Астана қаласына өзгерту туралы Президент Жарлығы шықты. Қазақстанның жаңа астанасын абадануы ісі қарқын алды. Елбасының Астана идеясының жүзеге асу барысында орай сол кездегі елорда әкімі Әділбек Жақсыбеков былай деп еске алады: «Бір күні Елбасының ұзақ сапардан күтіп алдық. Тура әуежайда Премьер-министр екеумізді машинасына отырғызып алды. Елорда атауын өзгерту туралы ойдың піскен кезі. Кездесулерде де бұл туралы айтып жүрген. Біраз үнсін отырып. «Мүмкін, Астана деп атармыз? Қанатты сөз сияқты. Болашаққа деген талпынысымыздың символы

болар еді» деді. Әдеттегідей, Президенттің сөзінен кейін біз біраз үнсіз қалдық. Нұрсұлтан Әбішұлы «Бүгін резиденцияға келіндер. Сонда сөйлесеміз» деді. Кешке өңгіме жалғасты. Астана үшін Президент бірнеше мысалдар келтірді. Бірақ заң бойынша, қалалық мәслихат депутаттарының қолдауы керек болатын. Қолдау көрсетілді де. 1998 жылғы 6 мамырда қалалық мәслихаттың сессиясында депутаттар қала атауын Астанаға ауыстыру туралы бірауыздан шешім қабылдады». Бұдан кейінгі кездері де Астананың қала мәртебесіне сәйкес жаңғырту жұмыстары жалғасын тапты. Елорданың төрінен қазақтың үш ұлы тұлғасы Төле, Қазыбек және Әйтеке билерге ескерткіш тұрғызылып, бабалар алдындағы үлкен бір парыз орындалды.



## ТӨЛ ТАҢБА ҚАНДАЙ БОЛАДЫ?

Елдің бас қаласы болғандықтан оның өзіне тән ерекшелігі болатыны – заңдылық. Міне, осы мақсатта жаңа астананың төлтаңбасын жасау қажеттілігі туындады. Ақмола қаласының әкімі Қазақстан

Республикасы астанасының төлтаңбасын жасауға республикалық ашық конкурс жариялады. Байқауға қатысушылар сәнімен де, салтанатымен де қайталанбас мазмұнды төлтаңба жасауы тиіс еді.



## 1998

**21 қаңтар** – ҚР Президенті Н.Назарбаев Мәскеуде «Төртеудің шартына» (Қазақстан, Қырғызстан, Беларусь және Ресей) қатысушы елдердің көшбасшыларының кездесуіне қатысты. Кездесу барысында бірінші кезден келісімі туралы Қазақстан көшбасшысының бастамасы қолдау тапты.

**6 мамыр** – Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ұлы Отан соғысындағы неміс фашисті басқыншыларына қарсы күресте көрсеткен ерлігі мен қаармандығы үшін кіші сержант Бактығали Бейсекбаевқа «Халық Қаһарманы» атағы беріліп, кешікпей қаладағы Жуковский көшесі Бактығали Бейсекбаев болып өзгерді.

**1 маусым** – Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері құрылды.

**9 маусым** – Қазақстан Республикасының астанасын Астана қаласында Отан қорғаушылар ескерткіші іргетасына қалау рәсімі болды.

**18 маусым** – Астана қаласының тұсаукесер рәсімін әлем қазақтарына таныту мақсатында осы күні елорда төрінде дүние жүзі қазақтарының кіші құрылтайы өтті. Оған әлемнің 20 елінен 100-ге тарта қонақ келіп қатысты.

**3 шілде** – Астанада Шанхай және Мәскеу келісіміне қатысушы бес мемлекет басшыларының кездесуі өтті.

**4 шілде** – Астанада ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев пен ҚХР Төрағасы Цзянь Цзэминь Қазақстан-Қытай шекарасы туралы қосымша келісімшартқа қол қойды.

**6 шілде** – Ресеймен екі арада «Мәңгілік достық және одақтастық туралы» декларацияға қол қойылды. Қазақстан үшін аса маңызды Каспий теңізінің солтүстік бөлігінің табынын бөлісу туралы Ресеймен келісім жасалды.

**7 қазан** – Президент Н.Назарбаев Астананың жаңа орталығын дамытудың бас жоспарының жоба идеясына жарияланған халықаралық конкурстың қорытындысын шығарып, жапон сәулетшісі Кисе Курокаваның жұмысын жеңімпаз деп жариялады.

## ӘЛЕМ ҚАРТАСЫНДА – ЖАҢА АСТАНА

Осы жылғы «Ақмола ақиқаты» газетінің барлық нөмірінен Астана келбетін көтеру мәселесінің қала әкімшілігі алдындағы басты міндет болғаны байқалады, қаңтардың басында Президенттің өзі Ақмола қаласының даму мәселелеріне арналған кеңейтілген кеңесте 1998 жылдың 10 маусымында жаңа астананың халықаралық деңгейдегі тұсаукесері өтетінін мәлімдегеннен бастап қала тазалығы, қаланы көркейту күн тәртібінен түспегенін көреміз. Әсіресе, санэпидемстансаға

шыбын-шіркейге қарсы күресті күшейту мықтап тапсырылған. Соған қарағанда, Есідің сары масасы сол кезде буып тұрғанға ұқсайды. «Астана тұсаукесер қарсаңында» айдарымен берілген мақалалар осыдан 23 жыл бұрынғы қала тіршілігін көз алдыға әкелетіндей. 1998 жылы 10 маусымда тұңғыш рет жаңа Астананың ресми тұсаукесері өтіп, астана күні тойланды. Содан бері бұл күн тек елордалықтар үшін ғана емес, тұтас халқымыз үшін айтулы мерекеге айналып үлгерді.

## БАСПАСӨЗ КЛУБЫ ҚҰРЫЛДЫ

Ақмола экономикалық аймағы Әкімшілік кеңесінің шешімімен, Ақмола қаласында қалалық баспасөз клубы құрылды. Сол кездегі Ақмола қаласының әкімі, Ақмола арнайы экономикалық аймағы Әкімшілік кеңесінің төрағасы Әділбек Жақсыбеков өзінің өкімімен қалалық баспасөз клубы туралы Ережені бекітті. Ол құжатта: «Баспасөз клубын құрудың мақсаты – Ақмоланың астаналық мәртебесін көтеру, сондай-ақ Ақмола арнайы экономикалық аймағы өмірінен толыққанды ақпараттар беріп, барлық бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс орнату» деп көрсетілген. Ережеге сәйкес қалалық баспасөз клубының президенті қызметін қала әкімінің орынбасары Төлеген Мұхамеджанов атқарды.

## КИЕЛІ ТАҚПЕН КЕЛІСІМ

24 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев бастаған ресми делегацияның Ватиканға сапары барысында Қазақстан Республикасы мен Киелі Тақ арасындағы өзара байланыс туралы келісімге қол қойылды. Сол тұста елімізде римдік-католиктік шіркеулердің 77 бірлестігі жұмыс істейтін. Тәуелсіздік алған тұста Қазақстан мен Орта Азия католиктеріне арналған қарағандылық епархия құрылды. Сонымен қатар, республика аумағында 3 апостолдық әкімшілік жұмыс істеді.



## ТАРИХҚА ТЕРЕҢ ҮҮІЛДІК

1998 жыл – Ұлттық тарихы пен бірлік жылы. Ал Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев атамшыл жылдың жариялану маңыздылығына тоқтала келе, осы жылы тұғырдан тайса да санадан әлі ысырыла қоймаған тоталитаризм идеологиясын әшкерелеуді жалғастыра түсетіндігімізді алға тартқан болатын. Өткенім білмейтін халықтың өзіне сенім болмайды. Ал өзіне сенімді аз халықты айтқанға көндіру, айдағанға жүргізу жеңілге түседі. Тоталитарлық қоғам атаулының аңсайтыны да сол. Біз – өз тарихымызды өзгелер тұрмақ, өзімізге де толық таныта алмай келе жатқан халықпыз. Зерттемесек, жазбасақ, жариялабасақ кім, не деп таниды? Қалай мойындайды? Алаңдайтын ештеңе жоқ. Жазыңыздар. Жариялаңыздар.

Шын жақсы болса, шетел тілдеріне, әсіресе, ағылшын тіліне аудартауды да ойластырамыз. Қазақ тарихында қазақ ұлатын ештеңе жоқ» деп атап өтті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1998 жылдың 17 наурызында Республикамыздың өнер, мәдениет және ғылым саласындағы шығармашылық зиялы қауымының танымал өкілдерімен кездесу барысында. Ал «Ақмола ақиқаты» газетінде «Халықтар бірлігі және ұлттық тарих жылы» атты рубрика шығып тұрған. Арнайы тілші Бекен Қайраттың осы бөлімге арнап жазған «Түркілер қанаты» атты мақаласында Күлтегін мен Бумын қағанның тарихы, ғұлама-ғалым Л.Г.Умилевтің зерттеулері толыққанды берілген.

## ҮЙ БАҒАСЫ ШАРЫҚТАДЫ

Дәл осы жылы жаңа астанамызда еңселі ғимараттар жаппай салына бастады. Ескі жер үйлерді сүру үшін мемлекет 30-50 мың доллар аралығында қормақты өтемақы төледі. Тозғыр жеткен үйлердің иелерінің көпшілігі жайлы пәтерге көшті. Баспана бағасы бір жыл бұрынғы құнынан бірнеше есе жоғары болды.

Бірақ жеке меншік иелері жері үшін ойға сыймайтын ақша алғысы келіп, үйлерінің сыртына әртүрлі жазбаларын жазды. Кейбір үй иелерін көндіру ұзақ уақытқа созылды. Оларға арнайы жеңілдіктер де жасалды. Ал кейбіреулері сол шұңқырында қалды. Дәл сондай барақ үйлердің біразы осы уақытқа дейін сақталуы тұр.

## ТҰЛҒАЛАР ТҰҒЫРДАН ТҮСПЕДІ

Күй атасы Құрманғазының 175 жылдығы алып тұлғаның асқан таланты мен кейінгі ұрпаққа қалдырған өшпес мұраларын ұғынумен ұштасты. «Әзірет Сұлтан» мұражайы тарихи-мәдени қалпында қайта жаңғырса, Алаша хан, Жошы хан кесенелерін әспеттеудің де сәті осы жылы түсті. Рәбиға Сұлтан-бегімнің кесенесін жөндеу қолға алынды. Бекет

ата мешіті қайта жөнделді. Тараздың 2000 жылдығына, Түркістанның 1500 жылдығына, Қорқыт бабаның 1300 жылдығына әзірлікке байланысты мерекелік шаралар жалғасын тапты. Бұл жылы Мұхаммед Хайдар Дулати, Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов, Құдайберген Жұбанов, Шәкен Айманов сияқты тұлғаларға ескерткіштер тұрғызылды.

## ЗЕЙНЕТАҚЫ РЕФОРМАСЫ ЖАСАЛДЫ

Жыл басынан бастап зейнетақы реформасы басталды. Мемлекет зейнетке шығу жасын ұлғайтты. Жыл соңына таман елдегі зейнетақы реформасына тәң қадамдар жасалды. Бұл ретте елімізде 1998 жылға дейін қолданыста болған ынтымақтастық зейнетақы жүйесін сол күйінде сақтап қалу, экономикадағы және соған сәйкес республиканың әлеуметтік саласындағы дағдарыстық құбылыстардың

шиеленуіне әкелуі мүмкін еді. ТМД елдерінің ішінде Қазақстан бірінші болып жоспарлы түрде зейнетақымен қамтамасыз етудің жинақ жүйесіне өтуді бастады. Зейнетақы реформасын іске асырудың негізгі мақсаты, зейнетақы жарнамаларының дербестендірілген есебі арқылы, еңбек үлесінің зейнетақыға сәйкес, сай келетін қаржылық жағынан тұрақты және әділетті жүйесін қалыптастыру болды.



## АҚМОЛАДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ӘЗ-НАУРЫЗ

Астанадағы алғашқы Наурыз мерекесі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл туралы «Ақмола ақиқаты» газетінің тілшілері «Нұр жауып тұрған көктемде» атты мерекелік репортаж дайындады. «Қаламыздағы мәдениет және іскерлік байланыстар орталығы алаңынан бой көтерген кішігірім ақшаңқай ауылға ат басын бұрған ағайын қарасы сөт сайын қомақтана түсті. Тойдың болғанынан болады-сы қызық. Содан соң сахнаның сол қапталына тігілген үлкен үйге Қа-

зақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев пен үкімет басшылары келіп жайғасты. Қуанышбаев атындағы Ақмола облыстық драма театрының әртістері әзірлеген қойылым көпшіліктің көңілін тапты. Одан кейін Елбасы наурыз көжеден дәм татып, барша халықты жыл басымен құттықтады. Наурыз мерекесі бір айға созылады. Оңтүстік астанамызда бүгін жаңбыр жауып тұрса, солтүстік астанамызда ұлапа қар жауып тұр» деп жазылған газеттің мерекелік нөмірінде.









## ЖАДЫМДА ҚАЛАР МӘҢГІЛІК...

**Бұл естелікке арқау болған тұлға, кеңінен танымал, елге сыйлы аға болған – Тәжібай Рахметоллаұлы Шәймерденов. Өзі – әрі ұстаз, әрі білім беру мен оқу ісін ұйымдастыру саласында үздік басшы болған адам. Ол ойнау үгіт-насихаттан гөрі іс-әрекетпен, үлгі-өнегесімен, бойына біткен, көпшілік адам баласында сирек кездесетін табиғи қалыптағы кішіпейіл, ұстамды мінезімен адамды еріксіз өзіне тартып, «мұндай да адам жаратылады екен» деген еріксіз ойға жетелейтін тұлға еді.**

Елге сыйлы Тәжеке атанғанға дейін, сонау ат жалын тартып, алғашқы еңбекке араласа бастаған уақыттан бастап, мұғалім, үлкенді-кішілі қызмет саласында да, әр басқан қадамын ойлап басуға, әр іске жауаптылықпен қарап, бастаған ісін тыңғылықты аяқтап, өзін-өзі аддалдық пен тазалыққа тәрбиеледі, үздіксіз ойлану пен ізденіс оның болмысына тән қасиеттер еді. Ал ғылыми-педагогикалық шығармашылығының толық айғағы – көп жылғы еңбектің барысында жазылған «Мектепті басқарудың негіздері» (Павлодар 1990. – 150 б.), «Мектеп басқару негіздері» (Павлодар, 1992. – 120 б.), «Мектеп басқаруды жетілдіру» (Павлодар, 1996. – 110 б.), «Тәрбие тағалымы» (Павлодар, 1998. – 115 б.), «Балаларға қамқорлық» (Павлодар, 2000. – 110 б. екі тілде), «Өмір өткелдері» (Павлодар, 2005. – 140 б.), «Тәлімгер тұлғалар – наставники» (Қарағанды, 2013. – 404 б.), «Ұстаз – ұлағатты ұғым», «Все начинается с учителя» (Павлодар, 2016. – 396 б., екі тілде), «Қалдырған іздерің мәңгілік» (Павлодар, 2016. – 348 б.) атты кітаптары.

Әкесі – Рахметолла Шәймерденов, Отыншы қажының немересі, Баянауыл ауылының қатардағы қарапайым тұрғыны. Колхоздың басшысы, партия, кеңес қызметтерін атқарған. Колхоз есепшісі де болған, өте адал, еңбекшіл жан болыпты. Үнемі газет-журналдарды жаздырып, үзбей оқып, тіпті әдеби кітаптарды да қызыға оқытын, өз сауатын өзі дамытқан адам екен. «Әкемнің менімен әңгіме-

лесу үстіндегі бір ауыз сөзі өмірлік жадыма сақталып қалды» деп еске алатыны: «Шырағым, міне, мектеп директоры да болдың, мүмкін одан да жоғары қызметтерді атқарасың. Саған айтарым, біреудің ала жібін аттама» деген насихаты отбасымызда ұрпаққа аманат ретінде жалғасуда. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деген әке мен ананың ізгі қасиеті Тәжекеге және оның інісі Несіпбекке үлгі болған. Отбасының балалары кітапқа құмар болып дағдыланған. Әкелері балаларына қатты сөз айтпай, өмірі зекіп ұрысп көрмеген жан екен. Үлгілік деген – осы.

Небәрі отыздар шамасындағы жас азаматтың Екібастұз қаласының білім басқармасын басқаруға сенім арту – үлкен жауапкершілік. Қала мәртебесін алған жас Екібастұз шаһарына Одақтың әр түршірен, кейбіреулері бала-шағасымен келген құрылысшылар, кеншілер, теміржол және т.б. мамандық иелері, әртүрлі ұлт өкілдері, қатардағы жұмысшылар әкелінгені белгілі. Қала оқушыларының едәуір бөлігі жетім, жартылай жетім немесе жалғыз аналары ғана бар, олардың өзі күні бойы жұмыста болғандықтан, оқу жасындағы балалардың көпшілігі қараусыз болып, олардың арасында төртпін бұзушылық пен бұзақылық артып, өрескел жайттар жиі бола бастағандықтан, сол кездегі партия мен Кеңес орындарымен қоса, бірінші кезекте қалалық оқу бөлімі мен мектеп мұғалімдерін қатты ойландырғаны мәлім. Бұл жағдайды жедел түзету үшін Облыстың пар-

тия комитеті басшылығы, білгір ұйымдастырушы Т.Шәймерденовке жастарды тәрбиелеуде өндірістің әр саласында жұмыс істейтін ата-аналармен тығыз жұмыс істеуді қолға алуды тапсырып, тәртібі мен сабақ үлгерімі төмен болғаны үшін оқушылардың ата-аналарының жауапкершілігін арттырды. Кей мектептерде сынып қамқорлыққа алынып, «қиын» деп аталатын балалармен жеке тәрбие ісін жүргізіп, спортпен айналысуларына жағдай жасалды. Бірігіп істелген бұл іс-әрекет пен тәрбие өзінің жемісін беріп, дұрыс бағытта дамуға ықпалын тигізді. Қазақстан Орталық партия комитеті бюросында қызу талқылауып, мақұлданып, екібастұздықтардың бала тәрбиесі жөніндегі және жалпы жастарды тәрбиелеу жөніндегі бастамасы бүкіл республикаға таратылып, ҚСРО оқу министрлігі бұл тәжірибені коллегияда қарап, қалалық білім беру бастығы Т.Шәймерденовтің тұжырымдамалық баяндамасы кейін бүкіл Одаққа таратылғаны туралы басылым беттеріне жарияланды. Бұл істің барлық кезеңдерінде басы-қасында оқу бөліміндегі іскер басшысы Тәжібай Шәймерденовтің болғанын сол кездегі жарияланымдарда көрсетілген. Бұл қазіргі бала тәрбиесінде де заман талабына орай ескеріліп, оқушылардың танымдық даму бағыттарына сәйкестендіріп жүргізсе артық болмас еді.

Шәймерденовтің қызмет істеу стилі, адамдармен мәдениетті қарым-қатынасы, айрықша ұйымдастыру қабілеті, рухани-ізгілік кел-

беті биік тұлға екендігін айта отырып, «көпшілік сол кісіден үлгі алып, ұйымдастырушылық өнегесінен үйреніп, тіпті, еліктеуге тырысатынбыз» дейді көз көргендер. Жақсының ғибраты-ай! Жібектей мінезі-ай! Көркем істері-ай! Сонымен, ол кісі облыстың білім басқармасын 1965-1988 жылдар арасында бақандай 24 жылдай мінсіз басқарып, абырой биігіне жетті. Облыстың білім беру саласын республика және Одақ көлемінде танымал етіп, үш рет қатарынан ауыспалы Қызыл Туды жеңіп алған соң, сол кезде облысқа білім саласы басшысы ретінде өзгеріссіз қалдырғандығы тайға таңба басқандай ақиқат еді. Адал еңбек, таза

ар-мінез деген – осы.

Тәжекең қала, аудандардың бірінші басшыларымен бірге ақылдаса отырып, кадр тандау, оларды біліктілігі мен қабілетіне қарай қызметке орналастыруға ерекше мән беріп, бәріне де араласып, әділетті болып, барлығын ақылға жекддетіп. КСРО оқу министрінің бірінші орынбасары Ф.Панагин мектептерді аралап, сабаққа қатысып, интернаттарды көріп, қуанышы мен ризашылығын жасыра алмай, «Мектеп директорлары, оның мұғалімдері, ойлы, білімді, парасатты адамдар болуы керек, сіздер осындай сапаға қол жеткізе бастағандарыңыз куантарлық. Құттықтаймын! Ал интернаттардың тазалығы, тіпті мектеулік балалармен жеке тәрбие бірде-бір кем емес» деп қолын қысқанда, Тәжекең балаша қуғандығын үлгі қылып айтқаны ел есінде.



Бұл – қажырлы еңбектің нәтижесі. Бүкілодақтық мұғалімдер съезінің секцияларында, оқу-ағарту экономикалық мәселелері жөнінде өткен Мәскеудегі конференцияға, Одақтың Оқу және Сауда министрліктері ұйымдастырған оқушыларды тамақтандыру проблемасына арналған Львов қаласындағы ғылыми конференцияға да қатысады. Сондай-ақ «Оқушыларды патриоттық және Отанды сүйеу мәселесіне» арналған Ташкент қаласында өткен ғылыми-теориялық конференцияда Қазақстанның атынан сөйлеу мәртебесіне ие болған. 1984 жылдың тамыз айы КСРО Оқу министрлігінің Орталық партия комитетінің мектеп жөніндегі қаулысын іске асыру мәселесіне арналған үлкен мәжіліске шақырылып, республика атынан министр Балахметовке емес, облыстың білім басқармасының бастығы Т.Шәймерденовке сөз беру үлкен сенім мен абырой болатын-ды.

Тәжекең 1988 жылы «Қазақ мектептерін ғылы-



ми жолмен басқару. Жас жеткіншектегі жан-жақты зерттеу жолдары туралы» атты кандидаттық диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алып, зейнеткерлікке шығып, әрі қарай еңбек жолын ғылымға арнады. Қазақ КСР, КСРО білім саласының үздігі, 1976 жылдың 17 желтоқсаны күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумының Жарлығы бойынша «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» құрметті атағы, «Еңбек Қызыл ту» ордені, бірнеше медальдармен қоса көптеген Құрмет грамоталарымен марапатталған. Тәжекеңнің өмірбаяны туралы толық мәлімет «Қазақ жерінің зиялы азаматтары», «Почитаемые люди земли казахской» деген үлкен кітаптың VII томына да келтірілген.

Көп жылдар облыстық білім беру саласын басқарған бірінші басшысы ретінде өзі ақылгөй, даналығы жағынан үлкен аға, іскерлігі, парасаттылығы мен кәсіби біліктілігі жағынан ұстаз 93 жасқа қараған шағында дүниеден өтті. Тәжекең үйіндегі Қабыш жеңге де

мұғалім болып көп жыл Павлодар педагогикалық училищесінде қызмет істеді. Абзал жан, мейірімді ана еді. Екеуі Нағима, Сәуле, Нәйла, Асқар атты баланы өмірге әкеліп тәрбиелеген. Нағима музыка саласының мамына болса, Сәуле мен Нәйла – дәрігерлер. Ал Асқардың мамандығы – инженер-электрик. Тәжекеңнің екі немересінің бірі Алиасқар АҚШ-та экономист мамандығын алған. Мәскеу қаласында «Partners in Performance» австралиялық консалтинг компаниясында еңбек етеді. Немересі Алмас «Павлодар» ЖШС – Солтүстік Суарық ОМТС басшысы болып еңбек етуде. Атасына тартып ұл туар деген, тағы да ұрпақ өмірге көптеп келсін. Қазақ даласында ел басқарған абыз ақсақалдар ақыл айттып, тастарға айтарлықтай үлгі-өнеге берген. Т.Шәймерденовтің тәрбие мен білім ұйымдастыру ісін өнеге етуші ұстаздар көп болсын!

**Махсат АЛПЫСБЕС,**  
**тарих ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҒУ профессоры**

## «ТОП-ТОП» ДЕГЕНДЕ ТӨПШЫМЫЗ ҚАЙЫРЫЛМАСЫН

**Осы күні «фейсбук» адамдардың көзқарасын, көңіл-күйін бағамдайтын құралға айналды. Қоғам қайда бара жатыр деген сауалдың да жауабын әлеуметтік желілерден аңғарамыз.**



uaisova.a@mail.ru  
**Айгүл УАЙСОВА**

Жаңа алаңда топ құрып, алқа жинап ортақ терінің пұшпағын илеп жүргендердің ішінен 120 мыңнан астам қатысушысы бар еліміздің мұғалімдерінің тобын атап айтуға болады. Осы топтың әкімгері Сержан Қасен деген азамат топтағыларға, яғни мұғалімдерге мынадай жазба қалдырыпты: «Егер сіз ұстаз бола тұрып заң бұзсаңыз, онымен қоймай бұзғаныңызды мойындамай біреуге немесе ұйымға жала жапсаңыз, осы топ арқылы шу шығарып, топты оқшаулауға құрал ретінде пайдаланғыңыз келсе, кешіріңіз, топ сізді жақтамайды, қайта сол масқараңызды жұртқа ашып береді. Ал егер сіздің құқыңыз бұзылып, соның салдарынан зардап көрсеніз, сіздің құқыңызды қорғауға дайынбыз. Сосын модераторларға және пост жариялауға мүмкіндігі бар қолданушылардан сұрайтыным, біреудің атынан пост жариялаудан бұрын,

ситуацияның объективтілігіне көңіл бөлсеңіз, ол адам шынымен зардап шегуші ме әлде жала жабушы ма, көз жеткізіп алыңыз».

Жасыратыны жоқ, әлеуметтік желі, бұрынғылардың айтатынындай, «әй дейтін әжесіне» айналып келеді. Рас, «көп қорқытады, терең батырады». Арасында шектен шыққандарды жиып алатын, астамсығандарды тәубеге келтіретін де күші бар. Дей тұрғанмен, ішінде қыжылы барлардың қарсыласуымен есеп айырысатын мүмкіндігіне айналып келеді. Жоғарыдағы жазбадағы «Ал егер сіздің құқыңыз бұзылып соның салдарынан зардап көрсеніз, сіздің құқыңызды қорғауға дайынбыз» деген ой мені таңғалдырды. Әлеуметтік желі адам құқығын қорғайтын ақырғы инстанцияға айналғаны ма?! Осы күшті кәсіподаққа, тағы басқа құзырлы ұйымдарға неге аудармасқа?!

Не десе де, бұл да жақсылықтың нышаны емес. Ауызбіршілік пен ынтымақта бір ұжымда жұмыс істеу, бір-біріне құрметпен қарап, ортақ игілікке ұмтылу деген қасиеттен айырылу-дың алдында тұрмыз. Бір іс

қолайына келмесе, тәртіпті тыңдағысы келмесе, тіпті басшының сөзі де жақпаса «фейсбукке жазам, теледидар шақырып елді дүрлік-тіремің» деп күшенетіндер көбейіп кеткен. Мұндай бір-біріне дұрдараз ортада не береке болар екен? Фейсбукқа мұндай релікті кім беріпті? Заңдық негізі бар ма? Қазақтың сөзіне салсақ, «көкбетті, қызылкөз даукестердің» асығы алшысынан түспек пе? Мұның арты не болады? Кісіліктен айырылып қалмаймыз ба?

Осы сұрақтар көп толғандырып, «Қазақстан мұғалімдері» тобын тағы парақтадым. Көзім «Мұғалім болудың азабы неде, артықшылығы неде?» деген жазбаға түсті. Баламызды азап арқалаған жан оқытты жүр ме сонда? «Азабы» дегені не екен деп, жазбаның астындағы пікірлерді қарадым. Құдайға шүкір, ұстаздардың бәрі бұлай ойламайды екен. Оқып көріңіз: Күләнда Қазтуғанова: Маған өзімнің мамандығым ұнайды, сондықтан мен ойлаймын, біздің мамандық ең жақсы мамандық деп. Қазір міне, мектепке барып сабақты түсіндірген-



де оқушылардың көздері жайнап тұрғанын көрсем, қуанамын. Барлық балалар, барлық адамдар аман-сау болса екен! Гуля Нұржанова: «Оңай жерде нан жоқ. Барлық мамандықтың өзіне сай қиыншылық болады. Біз сабақ бергенде оның қиыншылығын ойламаймыз. Оқушының көзінен түсінеміз, сабаққа түсінді ме, жоқ па? Әрбір баланың алдына барып, көп нүктенің орнына мына сөздерді қоясың, ескертесің. Біздің жемісіміз – бала өзін елтеп, білім алып, семья құрып отағасы, отанасы

боп қоғамға пайдасы тисе болды. Бұл жерде ешқандай азапты көріп жатқан жоқпын». Жанна Аширова: Азабы несі? Автордың өзі азаптанып жүр-ау, ұстаздық жолды тандаған болса, жұмысын дұрыс жолға қоя алмай. 28 жыл ұстазбын, рахатын көрдім, шәкірттерімнің әр жетістігі – біз үшін еңбегіміздің жемісі. Егер қағаздарды көбірек толтырғанды немесе осы ұстаздық жолда жасап жатқан құрыу жұмыстарды азап деп санаса, онда ол адам ешқандай жұмысты жарытып істеп кететініне күмәнім

бар. Әр мамандықтың, әр жұмыстың қызығымен қоса қиыншылықтары болады. Сол қиыншылықтарды жеңе біле қызығын көресің. Сол үшін бұл жерге болмайтын нәрселерді жазып (өзін мұғалім болсаң, тіпті ұят), адамдардың мұғалімге деген теріс көзқарасын жинап, одан бетер өршітудің қажеті жоқ. Өңгімені өршітіп, қыңыр сұрақ қойып, отқа май құймақ болған жазбашы жауабын алған сияқты.

Сөздің соңында айта кетпегім, бір шаһарда үлкен керемет мешіт салынып жатыр екен. Мен сияқты

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР, БЮДЖЕТТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР, ҒАРЫШКЕРЛІККЕ КАНДИДАТТАР, ҒАРЫШКЕРЛЕР, АРНАУЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК САЙЛАНБАЛЫ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН АДАМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

(Жалғасы. Басы газеттің №37 (4161) санында)

Азаматтардың кезектілігі 2020 жылғы 28 ақпандағы жағдай бойынша берілді.

Table with columns: Кезек нөмірі, Тегі, Аты, Әкесінің аты, Кезекке қойылған күні, Санат, and Description. It lists various individuals and their roles in government and military service.

Table with columns for candidate ID, name, date, and details of their election results. Includes names like ХАМИТ АЙНУР, КАРЛОВ РИЗАТ, НУРГАЛИЕВ ЕСЛИМ, etc.

(Жалғасы 13-бетте)

«Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты а.ж. 18 наурызда «Astana Aqshamy» (№31), «Вечерняя Астана» (№31) қалалық газеттерінде және Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының ресми сайтында жарияланған Нұр-Сұлтан қаласының Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыруды кері қайтарып алды және жарамсыз деп санауды сұрайды».

«Самғау-Астана» қоғамдық қорының (БИН 120140021476) құрылтай шартының жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

«Астана ақшамы» газетінің ұжымы белгілі журналист, газеттің бұрынғы бас редакторы Мағжан Садықханұлының қарындасы Тойбаланың қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Advertisement for ASTANA AQSHAMY newspaper. Includes logos for Nұr-Sultān, ELORDA, and Tissee. Text: «ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ, СОНДАЙ-АҚ, «АСТАНА АҚШАМЫ» ГАЗЕТІ РЕДАКЦИЯСЫНА (Достық көшесі 13, "Нұрсая-2" ТК) КЕЛІП ЖАЗДЫРЫП АЛУҒА БОЛАДЫ.» Includes subscription rates and contact info.

## БАРТОК ПЕН БРАМСҚА АРНАДЫ...

Нұр-Сұлтан қаласы Мемлекеттік академиялық филармониясының Фазида Жұбанова атындағы мемлекеттік ішекті аспаптар квартеті тыңдармандарға «Под знаком Белы Бартока» атты Бартокка тарту циклының жалғасын ұсынды.



Классикалық жанрдағы музыкаларымен жұртшылықты қуанытып жүрген талантты топ мүшелері кейінгі кездері өнерсүйер қауымға сазды бағдарламаларын ұсынып келеді. Соның бірі ретінде жоғарыдағы тамаша кешті айтуға болады. Аталған концерттің бірінші бөлімі өз заманында музыкаға тың серіліс әкелген венгриялық талантты композитор Бела Бартокқа арналса, екінші бөлімде – немістің ұлы композиторы Йоганнес Брамстың шығармалары ойналды. Сонымен бірге классикалық музыканың үні кернеген кешке танымал ресейлік кларнетші, Башқұртстанның еңбек сіңірген әртісі Артур Назиуллин қатысып, өз өнерін көрсетті.



## БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ АПТАЛЫҒЫ БАСТАЛДЫ

Мәдениет және спорт министрлігі 2021 жылды «Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдау жылы» деп жариялады. Осының аясында кеше Ұлттық академиялық кітапханада балалар әдебиеті апталығы басталды. Бұл шара әлемде жыл сайын атап өтетін Халықаралық балалар кітабы күнімен сәйкес келді. Аталмыш мереке әйгілі ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің туған күніне орайластырылған.

amangali.kalzhn@mail.ru

**Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ**

Апталықтың бірінші күні белгілі ақын, балалар әдебиеті бағытында көп еңбектенген Жеңіс Қашқыновтың шығармашылығына арналды. Қарағанды облысының Ақтоғай ауданындағы Қуаныш ауылында туған ақын бастауышты аяқтағаннан кейін Алматыға барып, немере ағасы, белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Әсет Болғанбайұлының үйінде жатып оқыды. Сондағы №12 қазақ орта

мектебін бітірді. Одан кейін ҚазМУ-дың тіл және әдебиет факультетін тәмамдады. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде, Қазақ радиосында, «Мектеп» баспасында қызмет істеді.

Ақынның алғашқы өлеңдері «Пионер» (бүгінгі «Ақ желкен») журналы мен «Қазақстан пионері» (қазіргі «Ұлан») газетінде жарық көрді. «Кешкі күн», «Тұлпарлар», «Алыштар мен арыстар», «Атыңнан айналайын, атамекен», т.б. жинақтары, жалпы алғанда, жиырмаға жуық кітабы шықты.

«Жеңіс Қашқыновтың оннан астам жинағы балаларға арналған. Негізінен, балалар ақыны ретінде

жұртқа танылды. Өзі де балажан, бала сияқты сенгіш адам еді. Әдебиетке келуіне Әсет Болғанбайұлының әсері мол болды. Жастайынан Тайыр Жароков, Ғафу Қайырбеков, Хамит Ерғалиев, Мұсафар Әлімбаев, Сапарғали Бегалин, Тұманбай Молдағалиев сынды көрнекті қаламгерлермен араласты. Сол да ықпал етті. Ғафу Қайырбековтың «Жеңіс келеді. Жеңіс келеді дегенше, жылдан жылға беріл» деген сөзі бар» деді апталықтың ашылуына қатысқан ақынның ұрпағы Ернат Қашқынов. Ол әкесінің шығармашылығы туралы әңгімелеп, әулет қолындағы ақын мұрасы мен жадгерлермен таныстырды.



## АУҒАН ӨНЕРІНІҢ СЫЙЫ

Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы кітапханасында Ауған суретшісі Фаряди Мохаммад Масудтың «Ауған өнерінің сыйы» атты көрмесі ашылды.

Көрмені «Мәдениет арқылы ұнқатысу» халықаралық жобасы аясында Елбасы кітапханасы мен Ауғанстан Ислам республикасының елшілігі бірлесіп ұйымдастырды.

Ауған каллиграммасы каллиграфияның ажырамас бөлігі саналады. Ол – бейнелеу өнерінің ерекше бағыты, оның ең үлкен дамуы мұсыл-

ман мәдениетінде байқалады. Әрбір каллиграмма белгілі бір бейне мен мазмұнды біріктіреді. Суретшінің басты міндеті рухани әлемді бейнелермен байланыстырады. Туындылардың терең символикасы каллиграмма авторының идеясын сезінуге мүмкіндік береді.

«Ауған өнерінің сыйы» көрмесінде Фаряди Мохам-

мад Масудтың біраз жылдар бойы мандай терін төгіп дайындаған жұмыстары ұсынылды. Қыпқалам шебері кәсіби және шығармашылық өмірін каллиграфия өнеріне арнаған. Автордың жұмыстары Ауғанстан, Иран, сондай-ақ Катар мен Кувейт әмірлеріндегі көрмелерде көрсетілген.

Фаряди Мохаммад Масуд 1973 жылы Ауғанстан астанасы Кабулда дүниеге келген. Бала кезінен бастап суретші өз елі мен шет мемлекеттердің көптеген марапаттарына ие болған.

Аталған көрме Елбасы кітапханасы мен Қазақстандағы Ауғанстан Ислам республикасы елшілігі арасындағы ынтымақтастықтың алғашқы іс-шарасы деуге болады. Көрменің Рамазан айы қарсаңында ашылуы бұл оқиғаның мәнін тереңдетте түседі.



azamat\_79@bk.ru

**Бетті дайындаған Азамат ЕСЕНЖОЛ**

## ЖАЗУШЫНЫҢ ОҚЫРМАН ОТАУЫ

Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қажығали Мұханбетқалиұлына арналған оқырман залы ашылды.

– Қазақтың көрнекті жазушысы Қажығали Мұханбетқалиұлы ағамыздың атына оқу залының ашылуы бізді өте қуанытып отыр. Бұл – ұлттық академиялық кітапхананың біздің қаламгерлерімізге көрсетіп жатқан құрметі. Кітапханада Әбіш Кекілбаевтың, ғалым, әдебиеттанушы Тұрсынбек Көкішевтің, жазушы Дүкенбай Досжан ағамыздың, әдебиеттанушы Мырзатай Жолдасбековтың оқу залы бар. Қазақ руханиятына, соның ішінде қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан азаматтардың есімі берілген кабинеттер ашылып жатыр. Бұл

тек музей ретінде есігі жабық тұратын оқу залдары емес, сырттан келген оқырмандардың барлығы өздеріне керек кітапты қарап, білімге, ғылымға ден қоюға жағдай жасалған дүние, – деді Қазақстан Жазушылар одағының Нұр-Сұлтан қалалық филиалының директоры, ақын Дәулеткерей Кәпұлы.

Сонымен бірге салтанатты іс-шарада марқұм Қажығали ағаның жақын досы, жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Төлен Әбдіқұлы сөз алып, қабырғалы қаламгер туралы парасатты естелік өрбітті.



## ЖЕЛІДЕН ЖАЛҚЫ ЖЫР

### ЖАНЫ ТАЗА АДАМДАРДЫҢ БӘРІ – АҚЫН

Біздер жайлы жазылған» деп Құранда» ақын бөстігі әкімнен үй сұрарда. Қасиетті, арлы өлеңді ол солай ат қып жекті айналдырып ұранға.

Ұраны көп бұл ғасырдың заңы көп, аз халқының айтылмайтын зары боп. Ақын көрдім жүрегі жоқ, жыры бар, Жыр оқыдым ұйқасы бар, жаны жоқ.

Жаза-жаза өлеңге де еті өлген, садаға боп сырлы сөзден кетер ме ең?! Сөрелерге жазармандар қарыздар оқылмайтын кітаптарын көтерген.

Кітабы көп, сөзі бар ма қалатын? Өлең қайда жүрекке жол табатын? Ақын емес жыр жазғанның барлығы, жаны таза адамдардың бәрі – ақын!

**Азамат ӘБІЛҚАЙЫР**



**СПОРТ**



## ЕЛ РЕКОРДЫН ЖАҒАРТТЫ...

Елордалық спортшы Ақмарал Зупар Петропавлда өткен гир көтеру спортының Қазақстан чемпионатының алтын медалін жеңіп алды. Ол сондай-ақ салмағы 24 кг болатын гир тасын 201 рет көтеріп, ел рекордын жаңартты.

Чемпионатқа еліміздің әр өңірінен 200-ден астам спортшы қатысты.

Ақмаралдың жеке жаттықтырушысы Серік Абдахиянның айтуынша, бұл нәтиже әлемдегі үздіктер қатарына кіреді.

– Бүған дейін еліміздің рекордын әлемнің 10 дүркін чемпионы Татьяна Потемкина иеленген болатын. Ол 183 рет көтерген. Енді оның жетістігін қызымыз жеңіп отыр. Бұл әр баланың қолынан келе бермейді. Спортшымыз ризамын. Алдағы сәуір айында Ташкентте өтетін Азия чемпионатында да жоғары деңгейде өнер көрсететінімізге сенімдімін, – дейді жаттықтырушы.

Айта кетейік, қазір 18 жастағы спортшы 14 жасында халықаралық дәрежедегі спорт шебері атағын алған болатын.

## МӘРЕГЕ ЖАҚЫН

**Шайбалы хоккейден Қазақстан чемпионатының жартылай финалы өтіп жатыр.**

Жартылай финалдық ойындар төрт жеңіске дейін жалғасады. Алғашқы екі ойындар өтті. «Торпедо» (Өскемен) мен «Арлан» (Көкшетау) арасындағы ойында жалпы есеп эзрігіге 1:1 болса, «Номад» (Нұр-Сұлтан) пен «Сарыарқа» (Қарағанды) арасындағы бәсекеде кеншілер командасы 2:0 есебімен алға шықты.

Бүгін үшінші ойындар өтеді.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС  
Директор – Ержан ЖҮНІСОВ

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.  
Апталық таралымы – 15 000  
Тапсырыс №38  
Баспаханасы: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

📍 Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК astana.aqsham@gmail.com

📞 Кабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 703-212 Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17 Үйлестіруші: 70-33-05 Жарнама: 70-33-06

✉ astana.akshamy@mail.ru

Кезекші редактор – Азамат ЕСЕНЖОЛ